

Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды дайындау, өндіру әрі сату жөніндегі лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 шілде N 763. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 наурыздағы N 243 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.12. N 243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды дайындау, өндіру әрі сату жөніндегі лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н . < * >

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 467 қаулысымен .

2-1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі жарылғыш және пиротехникалық заттарды және олар қолданылатын бұйымдарды дайындау, өндіру әрі сату жөніндегі қызмет түрінің лицензияры б о л ы п т а б ы л а д ы . < * >

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 467 қаулысымен .

3 . < * >

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 467 қаулысымен .

4. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап екі ай өткеннен кейін күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 11 шілдедегі

№ 763 қаулысымен

бекітілген

Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды дайындау, өндіру әрі сату жөніндегі лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптары

Біліктілік талаптары мынадай:

жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды ж а с а у ;

жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды ө н д і р у ә р і с а т у ;

жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды сату жөніндегі жұмыс түрлеріне лицензия алуға үміткер заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - өтініш беруші) қолданылады.

Азаматтық мақсаттағы пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды қоспағанда, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды жасауға, өндіруге әрі сатуға байланысты қызмет лицензиялау объектісі болып табылады.

1. Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдар (бұдан әрі - жарылғыш материалдар) жасауға қойылатын біліктілік талаптары

ЕСКЕРТУ. Өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .

Біліктілік талаптары:

1) жарылғыш материалдарға (компоненттерге) химиялық зерттеулер жүргізуге арналған зертхананың;

2) өтініш берушіде тиісті білімнің немесе тиісті білімі бар білікті мамандардың;

3) жарылғыш материалдарды бақылау сынауларын жүргізуге арналған арнайы жабдықталған меншікті немесе жалға алынған аумақтық (үй-жайдың), жарылғыш материалдарды тасымалдау үшін арнайы автокөліктің және сақтау үшін жабдықталған үй-жайлардың;

4) жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтардың, ережелер мен басқа да нормативтік-техникалық құжаттардың;

5) ішкі істер органдарының жарылғыш материалдарды есепке алуды, сақтау

және тасымалдау кезінде белгіленген шарттардың қамтамасыз етілуін ұйымдастыру туралы қорытындыларының;

б) өртке қарсы қызмет органдарының мәлімделген қызмет түрінің жүзеге асырылу шарттарының өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытындыларының;

7) экологиялық санитарлық және тау-кен-техникалық қадағалау органдары қорытындыларының болуын қамтиды.

2. Жарылғыш заттарды өндіруге әрі сатуға қойылатын біліктілік талаптары

ЕСКЕРТУ. Өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .

Б і л і к т і л і к т а л а п т а р ы :

1) заңды тұлға үшін - өтініш берушінің басшысында (орынбасарында) немесе өтініш берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысында (орынбасарында) жоғары немесе орта тау-кен-техникалық білімінің, Жарушының бірыңғай кітапшасының және Жару жұмыстары кезіндегі қауіпсіздіктің бірыңғай ережесіне сәйкес жару жұмыстарына басшылық жасау құқығының;

жеке тұлға үшін - жоғары немесе орта тау-кен-техникалық білімінің, Жарушының бірыңғай кітапшасының және Жару жұмыстары кезіндегі қауіпсіздіктің бірыңғай ережесіне сәйкес жару жұмыстарына басшылық жасау құқығының ;

2) тау-кен-техникалық қадағалау органдарында Техникалық пайдалану ережесі мен Қауіпсіздік ережесін білуіне біліктілік тексеруінен өткен мамандардың ;

3) жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтардың, ережелер мен басқа да нормативтік-техникалық құжаттардың;

4) жарылғыш материалдарды өндіруге, сақтауға, жоюға арналған және меншік және жалға алу құқығындағы мемлекеттік нормативтермен белгіленген талаптарға жауап беретін тиісті өндірістік-техникалық базаның (мамандандырылған өндірістік ғимараттар, инженерлік құрылыстар, машиналар, тетіктер, жабдықтар, газ құбырлары, қазандықтар, ыдыстар, технологиялық желілер , ж а й т а р т қ ы ш) ;

5) м ы н а л а р д ы :

жабдықтарды, тетіктерді, құрылғыларды, жарақтарды, көлікті, бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматиканы пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

еңбек қауіпсіздігін, технологиялық регламенттің орындалуын, периметрдің күзетілуін және қоршаған ортаның қорғалуын бақылауды;

метрологиялық қамтамасыз етуді, кіру кезінде бақылауды және дайын өнім

сапасын қамтамасыз ететін мамандардың;

б) стандарттау, метрология және сертификаттау органдарында тіркелген, жарылғыш материалдарды (тәжірибелік партияны) дайындауға арналған технологиялық процестің регламентімен бекітілген техникалық шарттардың және сапа сертификатының;

7) ішкі істер органдарының жарылғыш материалдарды есепке алуды, сақтау және тасымалдау кезінде белгіленген шарттардың қамтамасыз етілуін ұйымдастыру туралы қорытындыларының;

8) өртке қарсы қызмет органдарының мәлімделген қызмет түрінің жүзеге асырылу шарттарының өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытындыларының;

9) экологиялық, санитарлық және тау-кен-техникалық қадағалау органдары қорытындыларының болуын қамтиды.

3. Жарылғыш материалдарды сатуға қойылатын біліктілік талаптары

Біліктілік талаптары:

1) заңды тұлға үшін - тау-кен-техникалық қадағалау органдарында жарылғыш материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін білуіне біліктілік тексеруден өткен маманның (-дардың);

жеке тұлға үшін - Жарушының бірыңғай кітапшасының және Жару жұмыстары кезіндегі қауіпсіздіктің бірыңғай ережесіне сәйкес жару жұмыстарына басшылық жасау құқығының;

2) тиісті лицензиялары бар өтініш беруші, жеткізуші және сатып алушылар арасында жарылғыш материалдарды сатуды көздейтін шарттардың немесе ниет туралы хаттамалардың;

3) ішкі істер органдарының жарылғыш материалдарды есепке алуды, тасымалдау кезінде белгіленген шарттардың қамтамасыз етілуін ұйымдастыру туралы қорытындыларының;

4) жару ісі саласындағы мамандандырылған ұйымның Қазақстан Республикасының аумағына әкелу үшін мәлімделген жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасында қолдануға ұсынылатын өнеркәсіптік жарылғыш материалдардың, жару және бақылау аспаптарының тізбесіне сәйкестігі туралы сараптамалық қорытындыларының;

5) тау-кен-техникалық қадағалау органдары қорытындысының болуын қамтиды.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 11 шілдедегі

№ 763 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасында жарылыс ісін жетілдіру және үйлестіру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 5 тамыздағы № 658 қаулысының 5, 6, 7-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., № 31, 483-құжат).

2. "Өнеркәсіптік қопарғыш материалдардың экспорты мен импорты туралы ережені бекіту жайында" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 11 тамыздағы № 691 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., № 32, 370-құжат).

3. "Өнеркәсіптік жарылғыш материалдар өндіру және онымен Қазақстан Республикасының кәсіпорындарын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік реттеу мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 қазандағы № 1296 қаулысы.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1992 жылғы 10 қаңтардағы № 8 өкімі.